

*«GooglePay үшін миллион» ұтыс ойынын
өткізу туралы бұйрыққа қосымша*

**«GooglePay үшін миллион»
КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША
ҰТЫС ОЙЫНЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Ұтыс ойынын өткізудің мақсаты:

- Google Pay сервисіндегі токендер санын, сонымен қатар Visa және Mastercard төлем карталары бойынша транзакциялар көлемін ұлғайту;

I. Ұтыс ойынын өткізу кезеңі

1. Ұтыс ойынын өткізу кезеңі: осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 2021 жылғы 7 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 28 ақпан бойынша

II. Жүлде қоры

2. Ұтыс ойынының барлық кезеңіндегі жүлде қоры: салықты қоспағанда 1 000 000 (бір миллион) теңгеден 6 (алты) сыйлық. Ұтыс ойынының әр кезеңінде Mastercard картасымен жасалған барлық транзакция арасында 1 000 000 (бір миллион) теңгеден 3 (үш) сыйлық және ұтыс ойынының әр кезеңінде Visa картасымен жасалған барлық транзакция арасында 1 000 000 (бір миллион) теңгеден 3 (үш) сыйлық.

3. Жүлде қорының жалпы сомасы келесі тәртіпте құрылады және төленеді: 1 000 000 (бір миллион) теңгеден 3 (үш) сыйлық Банк қаражаты есебінен және 1 000 000 (бір миллион) теңгеден 3 (үш) сыйлық Mastercard ХТЖ қаражаты есебінен.

III. Ұтыс ойынының қатысушылары

4. Ұтыс ойынының қатысушылары: ұтыс ойынының әр кезеңінде Forte картасын GooglePay әмиянына қосқан және 1 000 (бір мың) теңгеден артық сомаға затты сатып алу үшін GooglePay сервисі арқылы қолма-қол ақшасыз төлем жасаған (Банкпен ерекше қатынастағы тұлғаларды, 18 жасқа толмаған адамдарды, сондай -ақ Банк қызметкерлерін қоспағанда) Банк клиенттері. Ұтыс ойынына корпоративтік карталар, сондай-ақ Visa Infinite және Mastercard Black Edition қатыспайды.

5. Ұтыс ойынын өткізу кезінде:

- 1) ұтыс ойынына қатысушының дебеттік төлем картасы белсендірілген, белсенді және қолданылу мерзімі өтпеген болу керек;
- 2) ұтыс ойынына қатысушының дебеттік төлем картасы бойынша өтелмеген сервистік комиссиялар мен Банк алдындағы басқа берешектері болмауы тиіс;
- 3) егер ұтыс ойынына қатысушы Банктің қарыз алушысы болса, оның Банктегі барлық қолданыстағы қарыздары бойынша қолданыстағы мерзімі өткен берешегі болмауы тиіс.

IV. Ұтыс ойынын өткізу әдістемесі

7. Ұтысқа осы Ереженің III бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкес келетін Банктің клиенттері ғана қатысады.

8. Ұтыс ойынының жеңімпаздарын 1-қосымшадағы ұтыс ойындарының кестесіне сәйкес клиенттердің төлем карталарының IBAN шоттарының нөмірлері бойынша кездейсоқ сандар генераторы арқылы ойындарының тираждық комиссиясы анықтайды.

Кездейсоқ сандар генераторы - бұл кездейсоқ сандарды генерациялайтын, IBAN шоттарының нөмірлеріне сәйкес келетін, ұтыс ойынына қатысатын және Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытының жауапты қызметкері ұтыс ойынына қатысушылардың тізіміне енгізген Random бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама).

Ұтыс ойынының жеңімпаздарын анықтау үшін Банкте тираждық комиссия құрылады. Тираждық комиссияның құрамы, сонымен қатар орнын басушы құрамы Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытының мәселелеріне жауапты Банк басшысының жеке бұйрығымен ұтыс ойынының бірінші кезеңі өтетін күнге екі күн қалғанда анықталады. Ұтыс ойыны кезеңінде тираждық комиссиясының құрамын өзгертуге рұқсат етіледі, ол Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытының мәселелеріне жауапты Банк басшысының бұйрығымен ресімделеді.

9. Ұтыс ойынын өткізудің әр кезеңінде тираждық комиссия кездейсоқ іріктеу әдісімен Бағдарламаны іске қосу арқылы жеңімпаздарды анықтайды, сондай-ақ негізгі жеңімпаздарды анықтаған тәсілмен әр жеңімпазға 2 (екі) дублерді анықтайды. Бұл ретте, әрбір ұтыс ойынын өткізер алдында тираждық комиссияның мүшелері осы Қағидаларға 2 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Тираждық комиссия мүшелерінің ведомосы» толтырады.

10. Тираждық комиссия мүшелерінің әрбір ұтыс ойыны кезінде Бағдарлама бір реттен артық емес іске қосылады (жеңімпазды және екі дублерді анықтау үшін). Тираждық комиссияның мүшелеріне Бағдарламаны қайта іске қосуға және Бағдарлама таңдағандардың орнына жаңа жеңімпазды және екі дублерді анықтауға тыйым салынады.

12. Әрбір өткізілген ұтыс ойынының нәтижелері жеңімпаз және 2 (екі) дублер туралы ақпаратты қалыптастыратын Бағдарламада тіркеледі және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тираждық комиссия мүшелерінің ұтыс ойынының хаттамасында (бұдан әрі - Хаттама) көрсетіледі. Хаттаманы ұтыс ойыны күні хатшы басып шығарады және тираждық комиссияның мүшелері қол қояды.

13. Тираждық комиссияның әрбір мүшесі ұтыс ойынының жеңімпазы туралы келесі ақпарат көрсетілген Хаттамаға қол қояды: төлем картасы ресімделген филиал, клиенттің толық аты-жөні, клиенттің ЖСН, IBAN-шот нөмірі.

Тираждық комиссияның барлық мүшелері, оның ішінде тираждық комиссияның хатшысы қол қойған, хаттаманы қол қойылған күні тираждық комиссияның хатшысы Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытының басшысына береді.

14. Егер жеңімпаз/дублер қандай да бір себеппен келмесе/бас тартса жүлде дублерге/келесі дублерге беріледі. Егер жеңімпаздың және барлық дублердің ұтыстарын алу мүмкін болмаса, ұтыс ойыны өткізілмеген болып саналады және қайта өткізіледі.

V. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері

15. Банк филиалдарының Бөлшек сатылымдар басқармалары/Еңбекақы жобаларын дамыту басқармалары (бұдан әрі – БөСБ/ЕЖДБ):

1) Банктің қолданыстағы және жаңадан тартылған клиенттеріне карточкалық өнімдер бойынша дебеттік төлем карталарын ресімдеу кезінде ұтыс ойынының талаптары туралы хабарлау;

2) Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытынан Outlook арқылы ақпарат алу күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес клиенттерді хабардар етеді.

3) Клиентті Банк филиалында ұтысымен таныстыру нәтижелері бойынша жеңімпаз клиенттен Банк құпиясын, дербес деректерді жария етуге және ақпаратты осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша БАҚ-та орналастыруға келісім беру туралы өтінішті (бұдан әрі – Келісім беру туралы өтініш) қабылдайды. Клиент жүлдеден

бас тартқан жағдайда, ол осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бас тарту туралы өтінішке (бұдан әрі – Бас тарту туралы өтініш) қол қояды. Клиент қол қойған Келісім беру туралы өтініш немесе Бас тарту туралы өтініш (клиенттің шешіміне байланысты) клиенттің деректемесіне қосылады.

16. Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағыты:

- 1) ұтыс ойынының барлық кезеңінде Банк филиалдары бөлшек бизнесінің жауапты қызметкерлерінің қызметін үйлестіреді;
- 2) БөСБ бастықтарының/ЕЖДБ супервайзерлерінің филиалдардың барлық менеджерінің ұтыс ойыны бойынша оқудан өтуін қадағалайды;
- 3) ұтыс ойыны кезеңінде Банктің Мобильді қосымшасында Банктің әлеуетті және ағымдағы клиенттеріне ұтыс ойынының талаптарын қамтитын SMS-хабарламаларды, push-хабарламаларды таратады;
- 4) ұтыс ойынының алдында осы Қағидалардың III бөлімінің талаптарына сәйкес келетін ұтыс ойынына қатысушыларды қамтитын IBAN шоттарының тізімін жасайды. IBAN шоттарының тізімі ұтыс ойынының әр кезеңінде осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген ұтыс ойынының кестесіне сәйкес құрылады;
- 5) тираждық комиссия мүшелерінің қатысуымен, ұтыс ойынының кестесінде белгіленген мерзімде тізімді Бағдарламаға жүктеу арқылы ұтыс ойынын ұйымдастырады;
- 6) жеңімпаздың карточкалық шотына сыйлық сомасын есептеп аударады;
- 7) ұтыс ойынының нәтижелері бойынша, осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген талаптар орындалған сәттен бастап Outlook арқылы ұтыс туралы растайтын құжаттармен бірге жеңімпаз клиент туралы ақпаратты салықтарды есептеу мен төлеу бойынша шараларды жүзеге асыру үшін Банкішілік операциялар және салық есебі бағытына, сайтта және әлеуметтік желілерде орналастыру, PR – шараларды өткізу үшін Маркетинг бағытына жеткізеді.
- 8) Банкішілік операциялар және салық есебі бағытына Outlook арқылы жеке тұлға - жеңімпаздың деректерін (Т.А.Ә., ЖСН, жеке басын куәландыратын құжаттың № және күні) көрсете отырып, Банк клиенттеріне қызметтік жазбада көрсетілген деректемелер бойынша ақшалай сыйақы сомасын төлеу және жеке тұлға - жеңімпаздың табысына келесі мөлшерде ЖТС есептеу үшін қызметтік жазбаны жібереді:
 - 10% - Қазақстан Республикасының салық резиденттері үшін;
 - 20% - Қазақстан Республикасының салық бейрезиденттері үшін.
- 9) Solo-банкинг бағытына есептен шығаруға жататын сома туралы ақпарат пен ұтыстың жеңімпаздары туралы мәліметтерден тұратын қызметтік жазбаны жібереді.

17. Маркетинг бағыты:

- 1) ұтыс ойыны кезеңінің басына қарай
 - a) көркем мәтіндерді және жарнамалық өнімдерде ақпаратты ұсыну стилін әзірлейді;
 - 2) баспа өнімдерінің шығарылуын және Банк филиалдарына уақытында жіберілуін бақылайды;
 - 3) ұтыс ойыны кезеңінің басына қарай ұтыс ойынының талаптары көрсетілген банкоматтарға орналастыруға арналған экран суреттерді әзірлейді және мұндай экран суреттерді Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытына жібереді;
 - 4) Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытынан Outlook арқылы ақпаратты алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей сайтта және әлеуметтік желілерде жеңімпаздар туралы анонсты орналастырады, егер мұндай жеңімпаздар Банкке осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктік құпияларды, дербес деректерді жариялауға және ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға тиісті келісім өтініштерін ұсынса.

18. Solo-банкинг бағыты:

1) Бэк-офис бағытына, егер бұл акция ХТЖ-дан түскен ақша есебінен ішінара өткізілсе, акцияларды өткізу үшін ХТЖ-дан алынған соманы Банктің кірісіне есептеу туралы қызметтік жазбаны жібереді.

19. Бэк-офис бағыты қызметтік жазба түскен кезде:

1) ХТЖ-дан алынған өтеу сомасын операция жасалған күні Банктің АБАЖ-да белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша (Банктің есептік бағамы бойынша) Банктің тиісті кіріс шотына есепке жатқызып, ҚҚС сомасын есептейді;

20. Банкішілік операциялар және салық есебі бағыты:

Жеке тұлға - жеңімпаздың деректері (Т.А.Ә., ЖСН, жеке басын куәландыратын құжаттың № және күні) көрсетілген қызметтік жазба түскен кезде:

1) Банк клиенттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлға - жеңімпаздың табысына ЖТС есептей отырып, қызметтік жазбада көрсетілген деректемелер бойынша ақшалай сыйақы төлейуді жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде жеке тұлға - жеңімпаздың табысына есептелген ЖТС сомасын салық органына төлеуді жүзеге асырады.

VI. Жеңімпаздарды хабардар ету және ұтысты алудың басқа талаптары

21. БөСБ/ЕЖДБ жауапты қызметкері Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытынан ForteSpace BPM-дегі «Қызметтік жазба» бизнес процесі арқылы алынған қызметтік жазбаны және оған қоса берілген Хаттаманы алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей 3 (үш) жұмыс күні бойы телефон арқылы ұтыс ойынының жеңімпазына күніне 5 (бес) реттен қоңырау шалады, әр қоңырау шалу арасындағы уақыт 1 (бір) сағаттан кем болмауы тиіс. Бұл ретте, әңгіме басында БөСБ/ЕЖДБ жауапты қызметкері байланыс орнатылған адамның толық аты-жөнін нақтылайды. Егер айтылған деректер Хаттамада көрсетілген жеңімпаздың аты-жөнімен және IBAN-шот нөмірімен сәйкес келсе, жеңімпаз клиентке ұтыс ойынының жеңімпазы болғанын және оның Банк филиалына келу керектігі туралы (мерзімі – хабарлаған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні), сондай-ақ, егер клиент белгіленген мерзімде филиалға келмесе, ұтыс дублерге ұсынылатынын хабарлайды. Сонымен қатар, жеңімпаз клиентке өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжатының түпнұсқасы болу керектігі, оның филиалда өз қолымен жазған Келісім беру өтінішін (осы Қағидаларға 4-қосымша) немесе Бас тарту туралы өтінішін (осы Қағидаларға 5-қосымша) ресімдеу қажеттілігі туралы мәлімделуі тиіс.

22. Банк жүлдені 1-дублерге келесі жағдайларда береді:

а) БөСБ/ЕЖДБ жауапты қызметкері осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген мерзімде ұтыс ойынының жеңімпазына хабарласа алмаса немесе ол берген байланыс деректері қолжетімсіз болса;

б) БөСБ/ЕЖДБ жауапты қызметкері хабардар еткен ұтыс ойынының жеңімпазы осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген белгіленген мерзімде Банк филиалына келмесе;

в) ұтыс ойынының жеңімпазы жүлдені алудан бас тартса;

г) ұтыс ойынының жеңімпазы банк құпияларын, дербес деректерін жариялауға және ақпаратты БАҚ-та орналастыруға келісім беру туралы өтінішке қол қоймаса.

Егер жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша 1-дублердің жүлдені алуы мүмкін болмаса, Банк ұтысты 2-дублерге беру құқығын өзіне қалдырады. Жоғарыда көрсетілген жағдайларда, Банк филиалы директорының бөлшек бизнес бойынша орынбасары/немесе

оның орнын басушы тұлға 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы ForteSpace BPM-дегі «Қызметтік жазба» бизнес процесі арқылы қызметтік жазба жіберу арқылы Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытына хабарлайды. Дублерлерге хабарлау тәртібі және ұтыстың өзге талаптары жоғарыда көрсетілген ұтыс жеңімпазына арналған талаптарға ұқсас.

VII. Жеңімпазға ұтыс ойынының нәтижесін жариялау

23. Жеңімпаз клиент ұтысты пайдалану ниетімен Банк филиалына хабарласқанда, БөСБ/ЕЖДБ жауапты қызметкері жүгенген адамды жеке басын куәландыратын құжатымен сәйкестендіреді, аты-жөнінің Хаттамада көрсетілген жеңімпаздың аты-жөнімен сәйкестігін, сондай-ақ клиенттің ЖСН, IBAN шотының нөмірін тексереді.

24. Жүгінген адамды ұтыс ойынының жеңімпазы ретінде сәйкестендіру кезінде БөСБ/ЕЖДБ жауапты қызметкері осы факт туралы Банк филиалының директорына немесе Банк филиалы директорының бөлшек бизнес бойынша орынбасарына хабарлайды. Банк филиалының директоры немесе Банк филиалы директорының бөлшек бизнес бойынша орынбасары клиентке оның ұтыс ойынының жеңімпазы ретінде анықталғанын хабарлайды.

25. Жүлдені жеңімпазға беру ұтыс ойынының жеңімпазы мен Банктің уәкілетті тұлғасының қолы қойылған қабылдау-тапсыру актісінің негізінде жүзеге асырылады.

26. Ұтыс ойынының жеңімпазын салтанатты түрде жариялау цифрлық тасымалдағыштарда (фотоаппарат) белгіленеді, салтанатты табыстау рәсіміндегі суреттер ұтыс ойынының нәтижесін орналастыру үшін Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытына жолданады.

VIII. Жауапкершілік орталықтары

27. Бөлшек бизнес өнімдері мен процестерді әзірлеу бағытының қызметкерлері Қағидалардың тиісті талаптарына сәйкес келетін IBAN-шоттарының тізімін құру және оны әрбір ұтыс ойынын өткізуге арналған Бағдарламаға жүктеу үшін, сондай-ақ осы Қағидалармен жүктелген өзге міндеттерді орындау үшін дербес жауапкершілікті көтереді.

28. Тираждық комиссияның мүшелері және тираждық комиссияның хатшысы ұтыс ойынының тиісті түрде өткізілуі, оның әділ өтуі, ұтыс ойынының нәтижелерін ресімдеу үшін, сондай-ақ осы Қағидалармен жүктелген өзге міндеттердің орындалуы үшін дербес жауапкершілікті көтереді.

29. Маркетинг бағытының қызметкерлері жарнама мәтіні стилистикасының және макеттер дизайнының брендбукке сәйкестігі үшін, сондай-ақ осы Қағидалармен жүктелген өзге міндеттердің орындалуы үшін дербес жауапкершілікті көтереді.

30. Банктің ұтыс ойынын өткізу процесіне қатысқан және Қағидаларда көрсетілген Банктің өзге бөлімшелері және қызметкерлері осы Қағидаларда жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жауапкершілікті көтереді.

«GooglePay үшін миллион»

*Карточкалық операциялар бойынша ұтыс ойынын өткізу қағидаларына
1-қосымша*

Ұтыс ойынын өткізу кестесі

Кезеңдер	Ұтыс ойынының кезеңі	Жеңімпазды анықтау үшін ұтыс ойынын өткізу күні	Саны, дана	Жұлделер
1	07.12.2021 - 31.12.2021	19.01.2022	1	Forte картасына 1 000 000 теңге
2	01.01.2022 - 31.01.2022	09.02.2022	1	Forte картасына 1 000 000 теңге
3	01.02.2022 - 28.02.2022	09.03.2022	1	Forte картасына 1 000 000 теңге

«GooglePay үшін миллион»

*Карточкалық операциялар бойынша ұтыс ойынын өткізу қағидаларына
2-қосымша*

Тираждық комиссия мүшелерін тіркеу ведомосы (нысан)

орны _____
күні, уақыты _____

Статус	Аты-жөні	Бөлімшенің атауы	Лауазым атауы	Қолы
Төраға				
Тираждық комиссияның мүшелері				
Тираждық комиссияның мүшесі				
Тираждық комиссияның мүшесі				
Тираждық комиссияның хатшысы				

«GooglePay үшін миллион»

*Карточкалық операциялар бойынша ұтыс ойынын өткізу қағидаларына
3-қосымша*

Ұтыс ойынының хаттамасы (нысан)

Ұтыс ойынының күні: 20__ жылғы «__» ____, _____ қаласы

Жеңімпаз: _____ (жеңімпазға қатысты келесі мәліметтер көрсетіледі:
клиенттің аты-жөні, ЖСН, IBAN-шот нөмірі, төлем картасы ресімделген филиал)

1-дублер: _____ (жеңімпазға қатысты келесі мәліметтер көрсетіледі:
клиенттің аты-жөні, ЖСН, IBAN-шот нөмірі, төлем картасы ресімделген филиал)

2-дублер: _____ (жеңімпазға қатысты келесі мәліметтер көрсетіледі:
клиенттің аты-жөні, ЖСН, IBAN-шот нөмірі, төлем картасы ресімделген филиал)

Комиссия Төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Тираждық комиссияның мүшелері:

(аты-жөні)

«GooglePay үшін миллион»

*Карточкалық операциялар бойынша ұтыс ойынын өткізу қағидаларына
4-қосымша*

**Банктік құпияны, дербес деректерді жариялауға және ақпаратты БАҚ-та
орналастыруға
келісім беру өтініші (нысан)**

«ForteBank» АҚ _____ қ.
филиалының директоры

_____ мырзаға (ханымға)

Кімнен: _____

Осы арқылы мен, _____, «ForteBank» АҚ (бұдан әрі –
Банк) дебеттік төлем картасын ресімдеген клиенттері арасында өткізетін ұтыс ойынына
байланысты, Банктің ұтыс ойыны туралы ақпараттық және жарнамалық хабарландыру
жасауы мақсатында (сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей бұқаралық ақпарат
құралдарында), менің Банк клиенті екендігім туралы, ұтыс ойынына қатысып, жеңімпаз
болғаным туралы мәліметтерді, сондай-ақ менің өзге де дербес деректерімді жариялауға
сөзсіз және қайтарып алусыз келісімімді беремін.

_____ 20____ ЖЫЛҒЫ «____» _____

Қолы

«GooglePay үшін миллион»

*Карточкалық операциялар бойынша ұтыс ойынын өткізу қағидаларына
5-қосымша*

Бас тарту туралы өтініш (нысан)

«ForteBank» АҚ
Ұтыс ойынын ұйымдастырушыға
_____ мырзадан (ханымнан)

ӨТІНІШ

Мен, _____, «ForteBank» АҚ өткізген
ұтыс ойынының жеңімпазы, осы арқылы ұтысты алудан **бас тартатынымды** растаймын.
Ұтыс ойынын ұйымдастырушы - «ForteBank» АҚ-ға ешқандай наразылығым жоқ.

_____ (_____)

қолы, аты-жөні, инициалдары, ЖСН

20__жылғы «_____» _____ .